

**DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



**Сұжылыштық  
DEXP**

**WH-SF030MDAL/W**  
**WH-SF050MDAL/W**  
**WH-SF080MDAL/W**  
**WH-SF100MDAL/W**

# **Мазмұны**

|   |    |
|---|----|
| Сақтық шаралары .....   | 5  |
| Құрылғы схемасы .....   | 7  |
| Басқару панелі .....  | 8  |
| Орнату .....  | 8  |
| Электрлік схема .....   | 10 |
| Пайдалану .....   | 11 |
| Күтім және қызмет көрсету .....   | 11 |
| Ықтимал проблемалар және олардың шешімі .....   | 12 |
| Техникалық сипаттамалары .....  | 13 |
| Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату<br>ережелері мен шарттары ..... | 14 |
| Қосымша ақпарат .....   | 15 |

# Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұқсаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұқсаулықты сақтап қойыңыз және оны бүйімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғы суды жылдытуға арналған.

## Сақтық шаралары

- Сұжылытқышты орнатуды бастаудың алдында электр розеткасының сенімді түрде жерге тұйықталғандығына көз жеткізіңіз. Электр розеткасының номиналды тогы жылдықтық қажет токтан төмен болмауы тиіс. Розетка мен аша электр тогымен зақымдануға жол бермеу үшін құрғақ жерде болуы тиіс. Үнемі ашаның және электр розеткасының түйіспесін келесі жолмен тексеріп тұрыңыз: ашаны электр розеткасына қосыңыз, жарты сағаттан кейін құрылғыны өшіріп, ашаны розеткадан сұзырыңыз, ашаның түйіспелерінің қызып кетпеуін тексеріңіз. Егер ашаның түйіспелері қызып кеткен ( $50^{\circ}\text{C}$ -ден артық) болса, ашаның зақымдануын, ерттің және нашар түйіспелі байланыстан болған өзге жазатайым оқиғалардың орын алуын болдырмау үшін басқа электр розеткасын пайдалану қажет.
- Ұзартқыштарды пайдаланбаңыз. Қате орнату және электрлік сұжылытқышты пайдалану ауыр жарақаттарға және мүліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Электр розеткасына судың шашырауына жол берменіз.
- Электр розеткасы балалардың қолы жетпейтен жерге орнатылуы тиіс.
- Бұл сұжылытқыш тек тұрмыстық пайдалануға ғана арналған.
- Сақтандырыш клапан 0,7 МПа дейінгі қысымды көтереді. Қысымды түсіру клапаны жылдықтыстан алыс орнатылуы тиіс.
- Клапанның бұғатталмағандығына көз жеткізу үшін сақтандырыш клапанды үнемі кальций карбонатын жойып тастан, тексерген жөн. Тексеру тәсілі: тұтқадағы бұранданы шығарып алу, сақтандырыш клапанның тұтқасын көтеру, содан кейін су ағатын құбырдан судың ағуын тексеру үшін көлденең бағытта бұры. Егер фунция қалыпты жұмыс істейтін болса, су ағатын болады. Егер су жолы бұғатталған болса, пайдалануды тоқтатыңыз және дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз. Тексергеннен кейін әрекеттерді кері тәртіпте орындау қажет.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған.


- Балаларға құрылғымен ойнауға немесе оны өз бетінше қолдануға жол берменіз.
- Құрылғының үстіне ештеңе қоймаңыз.
- Суды қыздырған кезде көп функциялы клапандардың шығару саңылауларында су тамшылары пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Су қатты ағып жатқан болса, жөндеу үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну қажет. Қандай жағдайда да қысымды түсіруге арналған саңылау жабылмауы тиіс, әйтпесе сұжылытқыш зақымдануы мүмкін.
- Қысымды түсіруге арналған саңылауға қосылатын құрғатқыш түтікше төменге қарай еніспен орналасуы тиіс (жынтыққа кірмейді).
- Егер сұжылытқыштағы су температурасы 78 °C-ге жеткен болса, тікелей ыстық сүмен жанасуға жол бермеген жөн. Күйіп қалуға жол бермеу үшін судың температурасын реттеңіз.
- Бактан суды төккен кезде алдымен сұжылытқышты өшіріңіз. Содан кейін клапанды өшіріңіз, су бұру сомынын бұрап шығарыңыз, сыртқа шығаратын құбырды ашыңыз немесе біріктірілген клапанд ыстық су қүйіне ауыстырыңыз, осыдан кейін суды төгіп тастаңыз.
- Егер құат көзі сымы зақымдалған болса, өндіруші көрсеткен, білікті маман алмастыруы тиіс арнайы құат көзінің кабелін пайдалану қажет.
- Құрылғыны пайдаланған кезде оған тән емес шу, ііс, тұтін, жоғары температура немесе ағып кету орын алған жағдайда дереу пайдалануды тоқтату, құрылғыны желіден сөндіру және авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну қажет. Жоғарыда келтірілген белгілер пайда болған жағдайда құрылғыны пайдалану электр тогымен зақымдануға немесе өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Сұжылытқыш бөлшектері мен компоненттері зақымданған жағдайда жөндеу үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

## Құрылғы схемасы



1. Корпус.
2. Басқару панелі.
3. Үйстық судың шығысы.
4. Суық судың кірісі.

## Басқару панелі



1. 700 Вт жылдыту құатын таңдау түймесі.
2. 1300 Вт жылдыту құатын таңдау түймесі.
3. Судың температурасы.
4. «Құат» индикаторы.
5. «Жылдыту» индикаторы.
6. Температуралы баптаудың бүрма реттегіші.

## Орнату



Құрылғыны орнатуды және жерге түйіктауды білікті мамандар жүргізу тиіс.

Қате орнату немесе жерге түйіктау пайдаланушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.


Құрылғыны электр розеткасының және су көзінің жаңына орнатқан жөн.

Құрылғыны құрғатқыш арналары жоқ жерлерде орнатпаңыз.

1. Берілген сұжылықтың көтеріш қабырға орнатылуы тиіс. Егер қабырға сүмен толтырылған сұжылықтың қосарланған салмағын көтере алмайтын болса, қосымша қүштейтіді орнату қажет. Егер кірпіш қабырғада саңылаулар бар болса, оларды цементтік қоспамен толтырыңыз.
2. Қолайлы орнату орнын таңдағаннан кейін ілмегі бар кергіш бұрандаларға арналған екі саңылаудың күйін анықтаңыз (құрылғының сипаттамасына сәйкес анықталады). Сұжылықтышпен жиынтықта жүретін кергіш бұрандалардың көмегімен қабырғада 100 мм терендейтегі бір деңгейде 16 мм диаметрлі екі саңылауды бұрғылаңыз, бұрандаларды ілмегімен жоғары қарай бұрап кірізіңіз, сомындарды тығыз бұраңыз, осыдан кейін сұжылықтышты ілмектерге іліп қойыңыз.



3. Құрылғыны ілмектерге іліп қойыңыз.
4. Барлық қосылыштар G1/2" өлшеміне сәйкес келеді. Біріккен клапанды және біржақты клапанды төмендегі суретте көрсетілгендей орнатыңыз.




5. Егер ванна бөлмесінде орын аз болса, сужылышты тікелей күн сәулелерінен және ылғалдан қорғалған басқа жерге орнатуға болады. Алайда жылу жоғалтуға жол бермеу үшін сужылышты пайдалану орнына мүмкіндігінше жақын орналастыру керек.
6. Біржақты сақтандырыш клапанын орнатқан кезде сомынды дұрыс бұрап бекіту үшін және өзге керек-жарақтарды орнату үшін су ағынының бағыты туралы белгіге назар аударыңыз. Орнатқаннан кейін сақтандырыш клапанның жұмыс істеп тұрғандығын тексеру үшін клапан тұтқасын көтеріңіз, содан кейін артқа қайтарыңыз.

7. Жылдықтың төмендегі суретте көрсетілгендей қосыңыз.



## Электр схемасы

Қоңыр сым ыстық су көзіне қосылады. Көк сым салқын су көзіне қосылады. Сары/жасыл сым ағып кетудің алдын алу үшін жерге тұйықталған болуы тиіс.



**Ескертпе:** электр қуатын бойлерге қосу үшін пәтердің бөліп таратқыш қалқанынан мысты желінің қимасы кем дегенде 2,5 мм болатын бөлек кабельді жүргізу, ал та-

ратқыш қалқанның өзін бойлер корпусына электр шығып кеткен жағдайда электр тогынан зақымданудан қорғау үшін міндетті түрде ҚСҚ аспабымен жабдықтау ұсынылады.

## Пайдалану

### Күту режимі

Сужылытқышты қосқаннан кейін экранда ағымдағы температура көрсетіледі, «Қуат» индикаторы жанады. Сужылытқыш — күту режимінде.

### Қосу

Күту режимінде сужылытқышты қосу үшін реттегішті сағат тілі бағытымен бұрыңыз. 3 секундтан кейін сужылытқыш жұмыс істей бастайды. Реттегішті қайтадан «Өшіру» күйіне бұраңыз, сужылытқыш күту режиміне оралады.

### Жылдыту

Реттегішті сағат тілі бағытымен бұрап, судың температурасын орнатыңыз. Жылдыту кезінде «Жылдыту» индикаторы жанады. Судың температурасы бекітілген мәнге жеткен кезде индикатор сөнеді.

### Қуатты таңдау

- 700 Вт жылдыту қуатын орнату үшін «» түймесін басыңыз.
- 1300 Вт жылдыту қуатын орнату үшін «» түймесін басыңыз.
- 2000 Вт жылдыту қуатын орнату үшін екі түймені де басыңыз.

## Күтім және қызмет көрсету

- Электр тогымен зақымдануға жол бермеу үшін техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде қуатты сөндіріңіз.
- Бетті тазарту үшін бейтарап тазартқыш құрал мен ылғал матаны пайдалаңыңыз. Құрылғы беткейін құрғатып сүртіңіз.
- Құрылғыны тазарту үшін бензин секілді үшпа заттарды, жылтыратушы заттарды, қатты қышқылды немесе сілтілік жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Бұл құрылғының зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Қуат сымы мен розетканы үнемі тексеріп тұрыңыз. Тығыз электр түйіспесін және сенімді жерге түйікталуды қамтамасыз ету қажет. Аша мен розетка қатты қыздырылмау туіс. Егер сужылытқыш, әсіресе ауа температурасы (0 °C-ден) төмен өңірлерде ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмайтын болса, судың бакта қатып қалуымен байланысты болатын құрылғының зақымдануын болдырмау үшін сужылытқыштан суды төгіп тастау қажет (ішкі бактан суды төккен кезде сақтық шараларын ұстаныңыз).
- Сужылытқыштың ұзақ мерзімге пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін бакты үнемі тазартып және қыздырығыш элементтерден қақты жойып, сонымен қатар магний анодын **жылына кем дегендे 1 рет** ауыстырып тұру ұсынылады.

- Тазарту жиілігі пайдалану аймағындағы судың кермектігіне байланысты болады. Сұжылықты тазартуды сервистік орталықтың білікті маманы жүргізуі тиіс. Жақын маңда орналасқан сервистік орталық туралы ақпаратты алу үшін сатушыға жүргініңіз.

## Ұқтимал проблемалар және олардың шешімі

| Проблема                                    | Ұқтимал себебі                      | Шешімі   |
|---|-------------------------------------|--|
| Индикатор қызығылт сары болып жыптылықтайды | Жерге тұйықтау ақаулығы             | Құрылғыны дереу сөндіріңіз және оны пайдалануды тоқтатыңыз. Сервистік орталыққа жүргініңіз |
| Тұйықталудан қорғаныстың жиі іске қосылуы   | Қуатты ауыстырып-қосқыштың ақаулығы | Сервистік орталыққа жүргініңіз   |
| Индикатор жанбайды                          | Қуат жоқ                            | Қуаттың қосылғандығын және тұйықталудан қорғанысты тексеріңіз                              |
|   | Оқшаулау режимі                     | Қалыпты күй  |
|   | Құрылғының зақымдануы               | Сервистік орталыққа жүргініңіз   |
| Төмен су температурасы                      | Суық судың өте үлкен пропорциясы    | Судың сәйкес қатынасын баптаңыз  |
|   | Берілген температура төмен          | Температураны арттырыңыз   |
|   | Жылдыту үақыты жеткіліксіз          | Су жылдығанша күте тұрыңыз   |
| Су жылымайды                                | Қуат жоқ                            | Қуаттың қосылғандығын және тұйықталудан қорғанысты тексеріңіз                              |
|   | Ішкі ақаулық                        | Сервистік орталыққа жүргініңіз   |
|   | Құрылғы зақымданған                 | Сервистік орталыққа жүргініңіз   |
| Судың баяу жылуы                            | Қыздырғыш элементтегі қақ           | Қақты жойыңыз  |
|   | Жылдыту қуаты төмен                 | Қосарланған қуатты орнатыңыз   |

## Техникалық сипаттамалары

| Ұлғасі                              | WH-SF030MDAL/W | WH-SF050MDAL/W | WH-SF080MDAL/W | WH-SF100MDAL/W |
|-------------------------------------|----------------|----------------|----------------|----------------|
| Көлемі (л)                          | 30             | 50             | 80             | 100            |
| Атаулы құят (Вт)                    | 2000           | 2000           | 2000           | 2000           |
| Атаулы кернеу (В)                   | 220-240        | 220-240        | 220-240        | 220-240        |
| Атаулы қысым (МПа)                  | 0,7            | 0,7            | 0,7            | 0,7            |
| Максималды су температурасы (°C)    | 75             | 75             | 75             | 75             |
| 45 °C-ге дейін қыздыру уақыты (мин) | 50             | 85             | 130            | 165            |
| Ылғалдан қорғаныс класы             | IPX4           | IPX4           | IPX4           | IPX4           |

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы қаптамада, өндірушінің және тұтынушының қыздырылатын үй-жайларында 5 °C -ден 40 °C-ге дейінгі аяқ температурасында және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:
  - құрылғыдан бар болса, барлық ішкі керек-жарақтарын шығарып алып, оларды бөлек ораңыз;
  - құрылғының жұмысқа жарамдылығы мен сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстығына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сыйни жерлерде гофрленген картоннан жасалған астарлары бар полиэтилен немесе бұдырлы пленкаға орау қажет);
  - көлік құралында жылжытылу мүмкіндігін жою үшін құрылғыны белдіктермен мықтап бекітіңіз;
  - сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
  - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманың өте сақтықпен қаралуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы үқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Гуандун Вэлл-борн Электрик Эплайенсис Ко., Лтд.  
№15, Хуатянь Саус тас жолы 1, Хуакоу, Гаосинь өнеркәсіптік ауданы, Жунгуй,  
Шуньдэ, Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301C, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301C-кеңсе,  
Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАӘО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бүйімның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала ескертүсіз өзгертулігі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

## Жазбалар үшін

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілдеме сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғаыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтері ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқтады.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндеттіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен үқитимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақынданудың барлық жағдайлары: енімді пайдалану кезінде алынған сыйзаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге үәкілдепті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастыраған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиги элементтер, ерт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаста. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсүінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақынданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ, ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаста.
- Егер жұмыстың ақаулықтары құат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған үқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақынданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасызыз (зақынданған) шыбыс материалдарын, керек-жараптарды, қосалқы бөлшектерді, құат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдаыштарды (CD, DVD дисқілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаста.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға үқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.





**www.dexp.club**